

ӘОЖ 279.14

¹Қ.М. Борбасова*, ²А.А. Сағиндыков¹Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Қазақстан Республикасы, Алматы қ.²Нұр-Мубарак ислам мәдениеті университеті,
Қазақстан Республикасы, Алматы қ.

*E-mail: karlygah_bm@mail.ru

Жетінші күн адвентистік шіркеуі тарихындағы доктриналық тартыстар

Қазақстандағы діни жағдай көп дінділікпен және орнықтылығымен ерекшеленеді. Бұл құбылыстың орын алуы ғалымдардың ортақ пікірі бойынша 1990 жылдан басталды. Еліміздегі әлеуметтік-экономикалық өзгерістерді түсіндіретін, соның ішінде адамдардың рухани сұраныстарына жауап беретін идеологиялық бағыт болмады. Қазақстанға келіп өз діндерін уағыздаушы діни ағымдардың саны 2000-жылдары 4500-ға жуық болды. Бұл жағдай екі бағытта бағаланды: бірінші бағыт – Қазақстан демократия мен толеранттылық саясатының үлгісін көрсетуде десе, екінші бағыт бұл үрдістен мемлекеттің ұлттық қауіпсіздігіне төнген қауіпті көріп, оның алдын алу жолдарын ұсынды. Әсіресе көпшілікті елімізде жүргізіліп жатқан евагелизациялау саясаты қатты алаңдатты. Бұл жайлы БАҚ беттерінде көп жазылып, мәселені шешу мемлекет тарапынан қолға алынды. 2011 жылы «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» жаңа заң қабылданды. Барлық діни бірлестіктер қайта тіркеуден өтіп, евагелизациялау қызметімен айналысатын неопротестанттық ағымдардың біразының саны 1,5-2 есе қысқарды. Сол ағымдардың ішіндегі белсенділерінің бірі болып есептелетін Жетінші күн адвентистерінің діни бірлестіктерінің саны 2011 жылы 67 болса, қайта тіркеуден 42 бірлестік қана өткен.

Бұл жағдайды қалай түсіндіруге болады? Діни сенім бостандығына және миссионерлік қызметтің барлық түріне мүмкіншілік жасалып, демократияның үлгісін көрсетіп отырған мемлекет діни бірлестіктерге қатысты осындай іс-шараны жүргізуге неге мәжбүр болды? Жауап біреу – бұл дінді жамылып, елдегі дәстүрлі дүниетанымға қарсы, мемлекеттің бірегейлігіне қауіп төндіретін керітартпа идеологияны таратушы топтардың әрекетіне тиым салудың дұрыс жолы деп таңдалды. Мақалада қарастырылған Жетінші күн адвентистерінің діни ілімінде де дәстүрлі христиандық дүниетанымға қайшы идея уағыздалады. Авторлар адвентизм ілімінің пайда болуы мен қалыптасуы ХІХ және ХХ ғасырларда пайда болған жаңа діни ағымдарға тән: әртүрлі көшбасшының өзіне ерекше аян беруін жариялауы және сенім мәселесіне қатысты таусылмайтын тартыстардың тарихы деген түйін жасайды.

Түйін сөздер: Ізгі хабар, қауым, пайғамбарлық, ақырзаман, жергілікті шіркеу, жергілікті конференция, униялық конференция.

K.M. Borbassova, A.A. Sagyandykov

Doctrinal dispute in the history of the Seventh Day Adventist Church

There formed religious diversity in Kazakhstan, which includes both traditional for Kazakhstan creeds, and new, previously not existing in Kazakhstan religious movements and organizations. This process according to the general opinion of the researchers began in 1990 when the religious lifting was supported by the authorities, who saw in religion one of the means to fill the ideological vacuum. By 2000, the number of religious movements in Kazakhstan increased to four and a half thousand. This situation is a threat to the national security of the state and the government took measures for their prevention. Especially many citizens are disturbed by policy propaganda of the Gospel among non-Christian population. There were a lot of publications in mass media. Kazakhstan dilemma, with one hand declared the policy of democracy and

religious tolerance, as with other safety and security of citizens. In 2011 a new law ‘On religious activities and religious associations’ was taken. On results of work of re-registration of religious associations, the number of neo-Protestant associations, who were engaged in evangelization, decreased in 1,5-2 times. One of these active organisations ‘Seventh Day Adventists’ before the re-registration, there were 67, now there are 42 local religious associations.

How to explain this situation? Why the state shows an example of democracy and the guarantee of the freedom of religion and all kinds of missionary activity was forced to take such steps in relation to religious organizations? The answer is simple: it is a way to protect citizens from the work of pseudo-religious movements and national security. The article was Seventh Day Adventists preaches ideas contrary to the traditional worldview of Christianity. The authors argue that the emergence and spread the teachings of Adventists and teachings of all the new trends of the XIX-XX centuries are identical: leaders announce their prophetic visions of history and endless doctrinal disputes on issues of faith.

Keywords: Gospel, community, prophecies, end of the world, the local Church, the local conference, Union conference.

К.М. Борбасова, А.А. Сагиндыков

Доктринальный спор в истории церкви Адвентистов седьмого дня

В Казахстане сформировалось конфессиональное многообразие, в которое вошли как традиционные для Казахстана вероучения, так и новые, ранее не существующие в Казахстане религиозные движения и организации. Этот процесс, по общему мнению исследователей, начался в 1990-е годы, когда религиозный подъем был поддержан властями, которые видели в религии одно из средств заполнения идеологического вакуума. К 2000 году количество религиозных течений в Казахстане увеличилось до четырех с половиной тысяч. Это ситуация – угроза национальной безопасности государства и правительство приняло меры их предотвращения. Особенно многих граждан беспокоила политика пропаганды Евангелия среди нехристианского населения. Об этом было много публикаций в СМИ. Казахстан встал перед дилеммой, с одной стороны, он провозгласил политику демократии и религиозной толерантности, а с другой безопасность граждан. В 2011 г. был принят новый Закон «О религиозной деятельности и религиозных объединениях». По итогам работы перерегистрации религиозных объединений количество неопротестантских объединений, которые занимались евангелизацией, уменьшилось в 1,5-2 раза. Одной из этих активных организаций «Адвентисты седьмого дня» до перерегистрации насчитывалось 67, сейчас – 42 местных религиозных объединения.

Как объяснить эту ситуацию? Почему государство показывающее пример демократии и обеспечивающее свободу вероисповедания и все виды миссионерской деятельности было вынуждено принять такие меры по отношению к религиозным объединениям? Ответ однозначен, это путь защиты граждан страны от деятельности псевдорелигиозных течений и обеспечения национальной безопасности. Рассматриваемое в статье учение Адвентистов седьмого дня проповедует идеи противоречащие традиционному мировоззрению христианства. Авторы утверждают, что возникновение и распространение учения адвентизма и учений всех новых течений XIX-XX вв. идентичны: лидеры объявляют о своих пророческих видениях и историю нескончаемых доктринальных споров по проблемам веры.

Ключевые слова: Евангелие, община, пророчества, конец света, местная церковь, местная конференция, унионная конференция.

XIX ғасырдың соңында неміс менониттерінің қоныстануымен Орталық Азия мен Қазақстанда миссионерлік жұмыс үлкен қарқын алып Ізгі Хабар тарала бастады. Ашылып жатқан баптистік қауымдарға орыстар, қазақтар, қырғыздар, өзбектер де келіп бір-бірлеп, ондап, тіпті жүздеп қосылып жатты. Омбыда өткен баптистер съезіне осы халықтардың өкілдері қатысты. Мәсіх жайлы Ізгі Хабардың

Далалық аймақта (Ақмола және Семей облыстары) қатты таралуы, тіпті 1913 жылы Орыс өкіметінің министрлер кеңесінің отырысында қатты талқыланады, «жандармерия мен ішкі істер министрлігінің зерттеу қорытындысы бойынша аумақтағы және Ресейдің көп жерлерінде таралу жағынан ауқымды және қатерлісі – баптизм» [1] деп жарияланды. А.И.Клебановтың айтуынша 1912 жылы Далалық аймақта 8 мыңнан

астам баптистер болды, олардың саны бірнеше есе өсті. Бірінші дүние жүзілік соғыстың басталуы мемлекеттің ішкі ісімен айналысуына мұрша бермеді, соғыстың тауқыметі барлық халықтарға артылғандықтан арып-ашыққандар, шаршағандар, Құдайды іздегендер Інжілдік баптист қауымдарына көптеп қосыла бастады.

Өзбек, қырғыз, әсіресе қазақтар арасында елшілікте болғандардың арасында Герман Янтценнің (1866-1959) сіңірген еңбегі ерекше болды. Ол 1880 жылы Орталық Азияға қоныс аударылған алғашқы менониттер отбасымен келгендер болды. Жастайынан ол өзбек, қырғыз, қазақ тілін, салт-дәстүрін мәдениетін жақсы меңгеріп осы халықтармен етене жақындасып алады.

1905 жылы Британ шетел қоғамының Киелі Жазбаларды таратушы Герман Янтценмен Ізгі Хабарды таратуда Мартин Тильман, Рудольф Бон, Герхард Регер, бұрынғы молда Ермухамет, Ахмет және ұйғырлар арасында қызмет еткен Хантер т.б. белгілі болды. Большевиктің келуі Орталық Азиядағы жаңа өмірге деген серпіліспен қатар, діндерге тыйым салу мен атеизмнің өркендеуіне, қуғын сүргін заманына ұласып кетті.

Алғашқы адвентистік қауымдар 1902 жылдары еліміздің Өскемен, Семей қалаларында, Ақмола облысының Рождественка ауылында және Қостанай облыстарында пайда болды. Осы кезеңнен бастап Жетінші күн адвентистері Қазақстанда мәсіхшілдікті таратушылардың белсенділерінің қатарында десе болады. 2002-ші жылы шіркеулерінің жүз жылдық мерейтойларын атап өтті. Енді біз осы шіркеудің діни ілімінің пайда болуы мен қалыптасу тарихының ерекшелігіне тоқталып, сараптама жасайық.

Вильям Миллерді адвентизм қозғалысының негізін қалаушысы деп толықтай негізбен айтуға болады, алайда ол «Жетінші күн адвентисттері» қозғалысына тікелей байланысты болмаған. Миллердің Христостың оралу күні туралы аяндары түрлі конфессия өкілдерінің қызығушылығын тудырып, өткен ғасырдың ортасында кең тараған «пайғамбарлық аяндарға» деген әуестіктің тууына себеп болды.

Миллер 1782 жылы Массачусетс штатындағы Питсфильд деген жерде дүниеге келіп, отбасындағы 16 перзенттің тұңғышы болды. Жалпыға білім беретін бірнеше сыныптық орта мектепті тәмамдады. Ол өз білімінің

жетіспеген тұстарын қосымша кітаптар оқу арқылы толықтырып отырды. Шіркеудің негізін салушысы өзінің діндарлығымен ерекшеленген отбасыда тәрбие алып, отыз жасқа келгенде ғана барлық күдіктерінен арылды. Осы уақыттан бастап, Миллер Библияны екі жыл бойы оқыды. Ол Қиямет Қайым болатын жыл белгілі, бірақ күні мен сағаты адамдар мен періштелерге белгілі емес деген шешімге келген болатын. Пайғамбардың айтқандарын жіті зерттей келе, ол осыған қатысты мәліметтерді іздеді. Миллердің пайымдаулары негізінен Даниил пайғамбардың кітабына негізделген: «Жазбаны әрі қарай зерттей келе, мен мынадай шешімге келдім: пұтқа табынушылардың билік етуінің жеті кезеңі еврейлердің басшысы Манастың ((б.з.д. 695-642 гг.), Езекия (Хизкия) және Хефцибаның ұлы – Иудеи патшасы)) тұтқын болып, өз тәуелсіздіктерін жоғалтқан кезіне, жылнамаларға сәйкес б.з.д. 677 жылда басталуы тиіс болатын. Егер үздік жылнамашылар тарапынан жасалған бірнеше мерзімдер бойынша барлық пайғамбарлық кезеңдерді есептейтін болсақ, онда олардың барлығы 1843 жылы аяқталады» [1,165б.]. Нақтырақ айтсақ, Даниил пайғамбардың 8 бөліміндегі жазылған жыл басталғанға дейінгі 2300 күн теориясын қабылдасақ Исаның екінші келуі 1843 жылдың 21 наурызы мен 1844 жылдың 21 наурызы аралығына тура келеді.

1831 жылы Миллер ақырзаманның жақындап келе жатқаны туралы өзінің ыстық уағыздарымен көпшілік алдына шыға бастады. Алғашқы уақытта, бұл «аяндары» сәтті болмай, тыңдармандардың көпшілігі «оның айтқандарын бос сөз ретінде қабылдап, назар аударған жоқ» [2]. Миллер 1833 жылы Нью-Йорк штатындағы баптистік қауымының пресвитеріне айналады. Осы уақыттан бастап оның уағыздары Америкада ғана емес, Еуропада да кең таралып, үлкен жетістіктерге жете бастады. Жаңа ілімнің жақтаушылары уақыт өте келе адвентистер (латын тілінен аударғанда *adventus* – пайда болу) деп атала бастады. 1839 жылы Миллер өзінің ілімдік жақтасын, «Чардон-стрит Чэпл» бостондық шіркеуінің танымал пасторы болған Джошуа Хаймсты кездестіреді. Ол адвентистер ісінің ұлттық феноменге айналуына Миллерден де артық атсалысты. Хаймс Миллер ілімін қолдау бағытындағы газеттік іс-әрекетін үлкен шабытпен бастады. Оның ең алғашқы

мақалалары бостондық «The Sign of the Times» («Уақыт нышандары») газетінде және нью-йорктік «The Midnight Cry» («Түнгі айқай») журналында жарияланды. Осылайша әлемнің барлық бұрышына таралатын басылымдар, кітаптар мен брошюлардың ағымына бастау салынды.

Миллер 1843 жылы жер бетіне Құтқарушы келеді деп өз аяндарын адамдарға жеткізген болатын. Бірақ, болжам жасалынған уақытта күтілген болжамдар жүзеге аспаған кезде, Құтқарушының келу күнінің 1844 жылдың 21 наурыз айына ауыстырды. Сонымен бірге, құбылыс орны ретінде Нью-Йорк штатында орналасқан тау көрсетілген болатын. «Пайғамбарға» сенуші жақтастар, үстеріне аппақ киім киіп, сол күні белгіленген орында болжаудың орындалуын ұзақ күтті. Бұл жолғы болжам да жүзеге аспады.

Өздерін «Жетінші ай қозғалысы» деп атаған адвентистердің бір бөлігі Иса пайғамбардың оралуы осы жылдың жетінші айының оныншы күнінде болады, алайда еврей күнтізбесі бойынша 1844 жылдың 22 қазанына сәйкес келеді деп жариялады. Миллер осы айтқан ойлармен толығымен келісе кетті. Күтілген нәтиже алдында орын алған жағдай секілді өкінішпен аяқталды. Адвентизм тарихында «Great Disappointment» («Ұлы өкініш») деген атпен танымал осы оқиғалар желісі қозғалыс мүшелерінің арасында терең алаңдатушылық туғызды. 1845 жылы пайда болған ақыр заманның орын алмауы мәселесін шешу үшін Бостонда адвентистердің Біріккен Конференциясы шақырылды. Оларды жеке ұйымға рәсімдеу жиналғандар тарапынан уақытынан ерте әрекет ретінде танылды.

Әрине, ақыр заманның мерзімдері түзетіле бастады. Осы кезде қозғалыстың кейбір мүшелері осы тақырыпқа байланысты өздеріне «аян берілгендігін» айта бастады. Х. Эдсонның айтуынша, Иса пайғамбар кешікті, себебі жол-жөнекей Жердегі аспан ғибадатханасына кіріп, қайтыс болғандардың арасынан алғашқы жексенбіде қайта тірілуге кімдер лайықты екенін және бұлттарда кімдер қызыға қарап қалатынын анықтау мақсатында Өмір Кітабындағы есімдерге «зерттеу сотын» жүргізді: «...аспандар менің алдымда қарс айырылып, мен біздің алғашқы пайғамбарымыздың 2300 күн аяқталғаннан соң аспан ғибадатханасындағы киелі мекеннен шығып, жетінші айдың оныншы күнінде жерге түсу үшін ғибадатхананың екінші

бөлмесіне кіргенін анық көрдім. Себебі, жерге оралудан бұрын киелі мекенде қалған бірнеше істі аяғына жеткізу қажет болды» [2, 68]. Хайрам Эдсон бойынша осы істің астарында 70-тен 100 жылдарға дейін созылатын сот деп айтылады. Осы есептеулерден келіп шығып, Миллердің өлімінен соң 1914 жылы, кейін 1932-1933 жылдары орын алады деп болжанған ақырзаман туралы шындық әйгіленді. Ең соңғы болжам 1995 жылы болады деген тоқтамға келген. Эллен Уайт (Елена Уайт) ханымның нұсқасы бойынша, осындай қателіктің болуына себеп христиандардың сенбіні ардақтау салтын бұзуы болып табылады. Сол үшін де осы қателікті түзету ұсынысы жасалып, ол жүзеге асырылды.

Ертеректе, 1844 жылы, Миллердің жолын жалғастырушы – Георг Сперр жанның өлмейтіндігін теріске шығаратын, мәңгілікке жалғасатын жазалау істері күнәһарлардың толығымен жойылуы ретінде түсіндіретін уағыздарын жариялады.

Миллердің өлімінен соң, оның жолын жалғастырушылар көптеген топтарға бөлініп кетті: «Инжілдік Адвентистер» («Evangelical Adventists», 1845 ж.), «Болашақ ғасыр адвентистері» («Adventists coming century»), «Жетінші Күн Адвентистері» («Seventh-day Adventists», 1863), «Жетінші Күннің Құдайлық Шіркеуі» («Church of God Seventh Day», 1866), «Өмір және адвентистер қоғамы» («Life and Advent Union», 1862), «Аврамдық сенімдердегі бас конференциясының Құдай Шіркеуі» («Church of God General Conference Abrahamic Faith», 1888), «Христиандық адвентистер шіркеуі» («Advent Christian Church»). Адвентистердің соңғы ұйымы Елена Уайттың пайғамбарлық қасиетін жоққа шығарған. Осыған сәйкес оның артынан ерушілерді, яғни жетінші күн Адвентистерді еретиктер деп жариялап, мойындамай қойды. Осы қауымдастықтардың көбісі конфессияаралық диалогтарға «Advent Christian General Conference of America» («Америкалық Христиан Адвентистердің Бас Конференциясы») арқылы келеді. 1964 жылы «Жетінші Күн Адвентистері» («Seventh-day Adventists») «Қауым өмірі және адвентистер қоғамы» («Life and Advent Union») атты қозғалысымен бірігіп қызметтерін жүзеге асыра бастады.

Осыдан ертеректе, нақтырақ айтатын болсақ ХХ ғасырдың 50-жылдарында «Жетінші Күн Адвентистері» протестанттық конфессия

көшбасшылары болып табылатын Дональд Грей Барнхаузбен, Рассел Хит және Уолтер Мартинмен бірнеше кездесулерді өткізген болатын. Сұхбат нәтижесінде екі топ өздері ойлағаннан да жақын екендіктері туралы қорытындыға тоқталды. Дегенмен, кейбір маңызды сауалдар бойынша келіспеушіліктер де орын алып отырды. Мысалы, «шартты азғындық» сенбі, сот нәтижелері және Иса пайғамбардың аспан ғибадатханасындағы қызметкер ретінде жұмыс істеу доктриналары бойынша, сондай-ақ «ерекше уақыттың ерекше жолдауына арналған ерекше адамдар» [3] тұжырымдамасын келтіруге болады.

Елена Уайт (1827-1915 жж.) ұйымның осы тармағының орнығуына және дамуына елеулі ықпал жасады. Елена және оның егіз әпкесі Элизабет 1827 жылы методистік шіркеудің мүшелігінде тұрған отбасыда дүниеге келді. Балалық шағында-ақ, Елена кездейсоқ тауып алған парақшадан ақырзаманның келуі туралы біліп, жақын арада әлемнің жоқ болып кету жағдайынан қатты қорыққан болатын. Осы оқиғалар орын алғаннан кейін болашақ әулие ханым оң жасында басынан үлкен жарақат алады. «Зақым алған жүйке жүйесі оған бағынбай қояды. Тіпті қарапайым оқу, жазу секілді істерде де қиындық тудыра бастады. Оның қолдарының дірілдегені соншалық, тіпті өз-өзін басқаруға шамасы жетпейтін ... жиі басы айналатын болды» [4]. 1840 жылы Елена Портлендке келген Миллердің айтқан уағызынан үлкен әсер алған. Осы уағыздардан кейін өзін жұбатып отырған Иса пайғамбарды түстерінде көре бастады.

1843 жыл – Миллердің жолын жалғастырушылардың күткені бойынша Иса пайғамбардың оралатын уақыты саналатын. Хармондар отбасының Миллердің көзқарастарына деген ынтасы, сонымен бірге белгіленген дәрістер мен жиналыстарға сирек келу секілді әрекеттері методистік шіркеу қауымына ұнамады. Осы жағдайлардың орын алуы Хармондар отбасының методистік шіркеуден қол үзіп қалуына алып келді. Оқиғаның бұлайша бағыт алуы Еленаны адвентистер шіркеуіне одан да қатты жақындатты.

«Ұлы өкініш» Еленаға қатты әсер етті. «Әулие ханым» ауыр депрессия күйінен өзінің түстерінің арқасында шыққан болатын. Бұл түстер оны адвентизмнің шынайылығына

сендірді. Сенбі және құтқару есіктері туралы алғашқы ашылулары Еленаны Миллердің жолын жалғастырушылардың басым бөлігіне қарсы қойды. Оның көріпкелдігіне сенген кішігірім топты бірнеше жыл бойы «жабық есік адвентистері және сенбішілдер» [5] деген атау қалыптасты.

1844 жылы желтоқсан айында Еленаға адвентистерді «аспанға алып баратын жол торабының» елесін көреді. Ол өзінің басынан 2000-ға жуық елестер өткенін және өзінің аяндарын транстық күйге түскен кезде алып отырғандығын мәлімдеген. «Біз көп судың ағысына ұқсаған Құдайдың дауысын естідік, ол бізге Иса Пайғамбардың жерге оралуының нақты күні мен сағатын айтып белгіледі» [6], – деп «әулие ханым» өзінің өсиетін артынан ерушілерге хабарлады. Осындай елестердің барлығы адвентизм ілімінің негізін құрайды. 1847 жылдың сәуір айындағы аянды қабылдау барысында оған сенбі күнінің маңыздылығы анықталған екен. Оның елестері «Христосқа баратын жол», «Елестер мен тәжірибелер» атты кітаптарында жазылған. Аптаның жетінші күнінде табыну туралы идеяны қарастыратын болсақ, осындай идея жетінші күн баптистерінің мүшесі Рэчел Оукстың ықпалымен ньюгемпширлік адвентистердің ортасында пайда болғандығы белгілі. Сыйыну күнін өзгерту жайлы мәселеде Джозеф Бэйтстің «Seventh-day Sabbath» («Жетінші күннің сенбісі») трактатында бастау алды. Автордың ойына сәйкес сенбі күнінің қасиеттілігін Құдай әлемді жаратып жатқан кезде орнатқан, қасиеттілік адамдарға Әдемде өсиет етілді және Синайлық оң уағыздарын қабылғаннан кейін Мұса пайғамбар тарапынан қайтадан қалпына келтірілді. Бэйтстің пікіріне сәйкес, Рим Католиктік Шіркеуі Сенбі күнін Жексенбіге ауыстырды, ал кім де кім Жексенбіні қадір тұтса, ол Рим папасына теңестірілген жануарға табынғаны деп жазды. Қалай болған да адвентизм іліміне сенбі күнін қадірлеу сенімін теориялық тұрғыда негіздеп, енгізуде басты рөлді Елена Уайт атқарды.

Елена Уайт еңбектерінде Библиялық доктриналар Қасиетті Үштік, Құдайдың Ұлдағы көрінісі, Оның өлімі мен қайта келуі сияқты көріністер өз орнын тапқан. Әсіресе адам баласының күнәсі және оның Христос арқылы құтқарылу мәселелері, Жетінші күн шындығы,

адамның өмірден кейінгі жағдайы, Христостың жер бетіне екінші рет келуі туралы жазған болатын.

Еленаның адвентистерге қалдырған ілімі бойынша адам табиғаты күнә жасауға бейім тіршілік иесі болып табылады. Осындай күнәлардан арылу үшін адам Исаға келуі керек. Ол біздің Оған сенгенімізді қалайды. Біз Иса Мәсіхтің алдына өзіміздің барлық күнәләрімізбен, әлсіздігімізбен, ақылсыздығымызбен бара аламыз. Біз оған келіп жүрегімізді ашып, аяғына бас ұратын болсақ қана оның мейіріміне бөленіп, Оның шынайы махаббатына бөлене аламыз. Осындай әрекеттер арқылы біз тазаланамыз және құтқарыламыз деп мәлімдеген.

«Қасиетті Құдай Рухы адамның жүрегіне сәуле сепкенде оның өмірі күрт өзгереді. Оның зұлымдық әрекеттері тоқталып күнәһарлыққа жетелейтін ойлары жоғалады. Оның жүрегінде махаббат сезімі мен тәубе пайда болады. Жер бетінде христиан өзінің Мәсіхпен қарым-қатынасынан қуаныш алады, Оның әр уақыт өзімен бірге екенін сезіп рахатқа батады. Иса біздің әр уақыттағы, әр кездегі көмекшіміз. Тек сіз Оны ғана шақырыңыз. Ол әр уақытта сізді естиді және сізге жауап береді. Адам ешқашанда өз күшіне сенбеуі керек. Тек қана қасиетті жаратушыға сенгенде ғана бір нәтижеге жете алады» [6, 15] – деген уағыздар еңбектерде жазылған идеялар дәстүрлі христиандық сенімдерден өз бастауын алады. Бірақ, бұл жерде адамның өзіне деген сенімінің, жауапкершілігінің, ерік-жігерінің жоққа шығарылуына назар аудару қажет.

1846 жылы Елена алғашқы адвентистердің басшысы, шебер үгітші Джэймс Уайт деген адамға тұрмысқа шықты. Джэймс Уайт сол уақыттарда «Review and Herald» редакторы болды және өз әйеліне үлкен қолдау көрсетіп отырды. Ол өзінің редакторлық қызметін пайдалана отырып Еленаның көріпкелдігін үлкен ынтамен жарнамалау жұмысын жүргізді. Осындай мықты қолдаудың арқасында Елена бұл қозғалыста шексіз билікке ие болғаны соншалықты 1851 жылы Джэймс Уайт Еленаның болжамдарын жариялауды тоқтатқысы келген кезде, оның редакторлық орынды босатуын сұрады.

1855 жылы ерлі-зайыпты Уайттар өз қозғалыстарының штаб-пәтерін Мичиган штатындағы «Battle Creek»-ке ауыстыруды ұйғарды. 1863 жылы Battle Creek-тегі 4000

адам жиналған Жалпыға ортақ Конференцияда «Жетінші Күн Адвентистері» қоғамы ресми түрде тіркелгендігі жарияланды.

Алғашқы президенттікке Джеймс Миллер ұсынылды, алайда ол үміткерліктен өз еркімен бас тартқысы келгенімен жоспары жүзеге аспайды. Ақырында ол президенттік орында 10 жыл отырды. Ресми түрде адвентистер ұйымын ашуға қарсы шыққан оппозиция осылайша басылып қалды. Қоғам жұмысына қажетті материалдық базаны құру үшін 1858 жылдан бастап адвентистердің орталық кассасына әр адам басынан ондықтарды жинау жүйесі енгізілді. Бұл әрекет Көне Өсиеттің көмегімен ақталынды. Қоғамның формальды түрде ұйымдастырылуынан соң екі онжылдықтың ішінде мүшелерінің саны 20 мың адамға дейін жетті. Мұндай өсім баптистер, методистер және басқа да інжілдік конфессиялардағы тәрізді округтар бойынша бөлінген үгітші кампаниялардың арқасында орын алды. Жетінші күн адвентистері ұйымна төрт деңгей тән:

1 Жергілікті шіркеу (қауым), бұл жекелеген сенушілердің қауымдастығын құрайды.

2 Жергілікті конференция немесе жергілікті миссия, бұл жекелеген мемлекет, облыс, аудан шеңберіндегі қауымдарды біріктіреді.

3 Униялық конференция немесе униялы миссия, бұл ауқымды аумақ шеңберіндегі тұтастай бір конференция немесе миссияны біріктіреді.

4 Бас конференция – әлемнің түкпір-түкпіріндегі барлық униондар мен миссияларды біріктіретін ірі ұйымдық құрылым.

«Жетінші Күн Адвентистері» сенбіні қастерлеу себебінен көбінесе қудалауға ұшырап отырған. XIX ғасырдың аяғында АҚШ-тағы бірнеше қозғалыстар, атап айтар болсақ, «Ұлттық Реформалар Ассоциациясы», «Әйелдер Салауаттылығының Христиандық Қоғамы» және «Сенбі Американдық Біріккен Партиясы» сенбі күні дегенде жексенбіні назарда ұстайтын еді. Батыс елдерінде жексенбі күні жұмыс жасауға және басқа да қызметтерді атқаруға тыйым салатын заңдар шыға бастады. Осыған байланысты «Жетінші Күн Адвентистерінің» көпшілігі демалыс күнін бұзғаны үшін қамалып, қысыға ұшырап отырған. Оларға қылмыскер ретінде қарап, бұғаулады. Бұл «Жаппай Конференцияны» саяси сахнаға шығуға және конгресс мүшелерін «өңдеу» бойынша «қарқынды

компанияны жүргізуге мәжбүр етті» [7]. Осындай жұмыстардың жемісі ретінде қамауға алу жұмысын, қысым жасау әрекеттері аздап болса да тоқтатылды.

1885 жылы күйеуінің өлімінен кейін Елена Уайт екі жыл бойы Еуропада шіркеу қызметін ұйымдастырумен айналысты. Осы жұмыстың нәтижесінде 1891 және 1900 жылдар аралығында Австралияда адвентистер ұйымдары құрылды. Осымен бір уақытта өзінің шексіз ықпалын пайдалана отырып, ол адвентистердің түрлі топтарының арасындағы пікірлердің қарама-қайшылықтарын шешіп отырды. Осы кезеңде басқа да бәсекелес әулиелер пайда бола бастады. Өзінің әулиелігін сақтап қалу мақсатымен олармен идеялық күрес жүргізуге тура келді. 1884 жылдың басында Мичиган штатының Петоска қаласынан шыққан Анна Гармир деген жаңа көріпкел осы жылдың қазан айында жердегі қатер аяқталады деп болжам жасады. Уайт ханым Аннаның ойы әкесінен алған деп, оның «құдайлық рухқа толы идеясын» [7, 105-106] жоққа шығарды. Бірақта Гармирлер өз айтқандарынан бас тартпады. Олар жалпы адвентистерді сендіре алмаса да, 1900 жылға дейін олардың ықпалы жалғаса берді. Кейінгі уақыттарда Арканзас штатында аз уақыт ішінде бірден тарала бастады.

Әсіресе, Юта штатының Огден қаласынан шыққан Анна Филипс Райс есімді жас дін қызметкері Елена Уайт ханымды қатты алаңдата бастады. Ол Елена Уайт Америкадан 10 жылға Австралияға кеткен кезден, яғни 1891 жылдан өз аяндарын уағыздай бастады. Оның аяндары тез арада Адвентистік қозғалыс көшбасшылары тарапынан қарсылықсыз қабылданды. Бірақ, кейінгі көшбасшылармен болған сұхбат барысында Елена оларды Аннаның қателескендігіне сендірді. Анна мүмкін шынайы христиан болды, алайда ол қателік жіберіп отырды деп мәлімдеген. Елена Уайттың әдебиет саласындағы көмекшісі Фанни Болтон (Фрэнсис И.) өзінің әулиелік қасиеті бар екендігін...» [8] жариялады.

Осындай уақыттарда адвентистердің арасында Еленаның әулиелігіне деген күдіктер туа бастады. Қозғалыстың белді көшбасшыларының бірі Алонзо Т. Джонс өзінің «Аздаған тарих, аздаған тәжірибе, азырақ фактілер» еңбегінде визионер ханымның берген болжамдарында қателіктер мен қайшылықтар бар екендігін жазады [9]. Оның ұлы Уильямның жеке, саяси мақсаттарына

жету үшін әулиелік болжамдарының мазмұнына ықпал ететіндігіне көпшіліктің наразылығын тудырды. «Жетінші Күн Адвентистеріне» арналған санаториді басқарып отырған танымал дәрігер Джон Харлей Келлогг Battle Creek-те Уайт ханымның әулиелік болжамдарын толықтай жоққа шығаруға тырысты. Оның еңбектеріне деген сенімсіздік қозғалысты 1915 жылғы Еленаның өлімінен кейін бірнеше жылдар бойы әлсірете бастады. Бұл үрдіс 1970 жылдары шарықтап, қазіргі кездерде бірнеше ғалымдар Уайттың шығармашылығы жайлы өздерінің зерттеулерін жариялады. Олардың ішіндегі ең белгілі еңбек «Жетінші Күн Адвентистері» қоғамының қызметкері Уолтер Ридың "White Lie" («Ақ жалған», «құтқару мақсатындағы жалған») еңбегі болып есептеледі. Еленаның фамилиясы – Уайт, сонда кітаптың атауы «Ақ жалған» ретінде оқылады. Ридың еңбегінде, Еленаның басқа кітаптардан үзінділерді алып, өзінің сөздері секілді берген әулиелік цитаталарына мысалдар келтірілді. Рид «әулие» жазған 53 еңбегінің «барлығы басқа еңбектерден мазмұны көшіріліп, өзінің сөзіндей келтіргені» үшін айып тады [10].

Оған қоса, кейбір адвентистік дін мамандарын Елена Уайттың «өз аяндарын сипаттау барысында түпнұсқа авторларының сөзін, Иса пайғамбар немесе періштелердің сөздерін дәйектеген кезде ол XIX ғасырда жазылған еңбектерден алынған үзінділерді пайдаланғаны» [11] алаңдатқан екен. Ұйымның жоғарғы басшылығы өздерінің негізін салушы ханымды қорғау жұмысын бастайды. Президент Нил Уилсон «сәуегей ханымның ойлары басқа еңбектерден алынса да әулиелік рухқа толы» [11, 179 б.] деген сөздерімен қорғауға тырысты. Ал «Жетінші Күн Адвентистерінің» 1980 жылғы Жалпы Конференциясында Уайт ханым әулиелік деңгейге лайық және оның кітаптары «шындықтың беделді көзі» [11, 205 б] ретінде мойындалды.

Мұндай шешімге келіспеген адвентистік теологтар қоғамнан шығарылып тасталды. Олардың ішіндегі ең белсендісі Дезмонд Фордтың теологтық қызметі 1983 жылы тоқтатылды. Оның ойына сәйкес Уайттың әулиелік болжамдары Қасиетті Жазба мәтіндеріне әсіресе сот нәтижелеріне қатысты бөлігіне қарсы келеді. Шындығында да, «Questions of Doctrine» («Доктрина Мәселелері») атты кітапқа сәйкес «барлық адамдардың күнәлары шайтанға жүктелуі тиіс

және ол осы әркеті үшін жазалануы қажет» [12, 83 б.]. Осындай ойларға сәйкес Иса пайғамбардың азаптары арқылы күнәдан құтылу идеясы теріске шығарылады.

Қазіргі уақытта қоғамды Вашингтонның Колумбия Округіндегі Бас Конференция басқарып отыр. Оның орталық пәтері Takoma Park-те орналасқан. Бұл жерге 1903 жылы Мичиган штатындағы Battle Creek-тен көшірілген. Бас Конференция жергілікті конференциялардың делегаттарынан құрылған. Ұйым «elders» (пресвитерлер) және «deacons» (дьякондар) тарапынан басқарылатын дивизиондарға, одақтарға, серіктестіктерге, жиындарға бөлінеді. Қазақстан Еуро-Азиялық дивизионға кіреді. Әлем бойынша 1980 жылы жетінші күн адвентистерінің жалпы саны 3,3 миллион мүшесі болса, қазіргі таңда – 16 млн-ға жеткен. Жетінші күн адвентистер шіркеулері әлемнің 220 елдерінде бар. Пайыздық жағынан қарастыратын болсақ 47% Америкада, 30% Африкада, 16% Азияда, 4% Австралия мен мұхит аралдарында және 3% Еуропада орналасқан. Сан жағынан қарастыратын болсақ үлкен қауымдар (балаларымен қоса есептегенде) АҚШ-та (957 мың), Бразилияда (900 мың), Мексикада (547 мың), Перуда (374 мың), Гаитида (298 мың), Колумбияда (209 мың), Ямайкада (135 мың), Венесуэлада (118 мың), Гватемалада (114 мың), Конго Демократиялық Республикасында (575 мың), Руандада (520 мың), Ганада (383 мың), Зимбабведе (278 мың), Танзанияда (265 мың), Кенияда (263 мың), Замбияда (218 мың), Филиппинда (548 мың), Үндістанда (247 мың), Индонезияда (217 мың), Папуа-Жаңа Гвинеяда (104 мың), Украинада (138 мың), Румынияда (130 мың), Ресейде (90 мың) және басқа елдерде тараған [18, 13 б.]. Қазіргі таңда Қауым қызметінің қаржылық негізін әдебиеттерді сатудан түсетін түсім құрайды. Олардың уағыздары әлемнің 735 тілдерінде жүргізіледі. 1963 жылы адвентистердің кітаптары мен журналдары 228 тілде басылып шығатын болса, қазіргі уақытта 600 тілде жарық көреді екен. Мұнымен қоса, адвентистер өз ілімін радио және телебағдарламалардың, сондай-ақ библиялық курстардың көмегімен насихаттау әдістерін белсенді түрде пайдалану үстінде. Осындай әдістерді пайдалану арқасында адвентизм ілімі Оңтүстік Еуропада, Азияда, Латын Америкасы мен Африкада кең таралып жатыр.

Қазақстандағы Жетінші күн адвентистері құрылымдық жағынан Еуро-Азиялық дивизионға, соның ішінде Оңтүстік Униондық миссиясының құрамына кіреді. Сонымен бірге, Оңтүстік Униондық миссияның аумағы Қазақстанмен қатар Қырғызстан, Өзбекстан, Тәжікстан және Ауғанстан мемлекеттері енеді. Ал құрылымына Қырғызстандық, Солтүстік-Қазақстандық және Оңтүстік-Қазақстандық Миссиялар, Тәжікстандық, Өзбекстандық және Түрікменстандық Миссионерлік Аумақтар кіріп, Оңтүстік Униондық миссия құрамында 88 шіркеу, мүшелігіне 6 331 адам тіркелген [13].

Бас Конференция адвентистер тарапынан көптеген елдерде салынған көптеген оқу және медициналық мекемелерді бақылауға алып отырады. Ең алғашқы санаторийлік типтегі медициналық мекеме 1866 жылы Battle Creek-те құрылған болатын. Өздерін қайырымдылық бағдарламаларымен әуре етпейтін «Иегова Куәгерлерінен» адвентистердің айырмашылығы, бұлар гуманитарлық бағытта жұмыс жасайды. Медициналық қызмет барлық уақытта миссионерлік үгіттеу қызметімен тығыз байланысты, ал соңғы жылдары оған уағызға қатысы жоқ басқа да қызметтер қосыла бастады. Бүкіл әлем бойынша бұл қозғалыс жүз елуге жуық ауруханалар мен санаторийларға, екі жүз елу клиника мен диспансерлерге ие. Жапонияда ауруханадан бөлек, салауатты азық өндіру бойынша фабрика, колледж және бірнеше ағылшын тілді мектептер бар, оларды миссионер студенттер басқарады, олар өздерінің американдық колледждердегі оқуларын уақытша тоқтатып, жапон балаларымен жұмыс жасайды. Алайда, шығарылған шығын көлемінің үлкендігіне қарамастан жапондық «Жетінші Күн Адвентистері» қозғалысы үлкен емес, ол жалпы саны он мың адамнан тұратын жүзге тарта қауымнан құралған.

«Жетінші Күн Адвентистері» жетекшілігімен жүргізілетін маңызды медициналық және миссионерлік бағдарламаның бірі – Амазонка өзенінде жүзіп жүретін клиниканың ұйымдастырылуы болып табылады. Бұл шара 1930-шы жылдары мейірбике және инженер-электрик Джесси және Лео Хэлливил екеуі тоғыз метрлік жүзіп жүретін клиника-үйде өзен бойымен жоғарыға және төменге жүзіп, адамдар аштықтан, қарасаннан, мерезден, алапестен және басқа да аурулардан өліп жатқан аудандарға

көмек көрсетіп жүрген кезден басталды. Жиырма бес жыл жұмыс жасаған соң, Хэлливилстар «жұмыстан шығып, Рио-де-Жанейрода Оңтүстік Америкадағы жүзіп жүретін медициналық орталықтардың қызметін ұйымдастыруға кетті. Алайда, олар кеткенге дейін бұл жұмысқа басқа да адамдар қосылып, Амазонка жүзіп жүретін клиникалармен толықты» [14]. Осының барлығына қарамастан, адвентистердің миссионерлік бағдарламасы өз табиғаты бойынша тек гуманитарлық бағытта деп кесіп айтуға да болмайды. Оның қызметінің басты бағыты үгітшілік, осы әрекеттер арқылы қозғалысқа миллиондаған өзге мүшелерді қосу. 1982 жылы президент Нилл Уилсон өзінің «Орақ мерзімі» мақаласында «мың күн ішінде күніне мың жан» [15] ұранын жариялады. Осы секілді атаулар «Күзет ғимараты Қоғамы» жетекшілерінің мақалаларында кездесетіні қызық.

Адвентистер Библияны мойындайды, сонымен қатар Елена Уайттың еңбектерін оған қатар қояды. «Киелі жазбаларға барар жол», «Бәрін сынап көріңіз», «Әлем үміті», «Әулиелердің мұрасы» және т.б. кітаптары бар. Адвентистер алкоголь, темекі өнімдеріне және ынталандырушы өнімдерге қарсы. Шошқа етін жеу үлкен күнә болып есептеледі. Бұл тыйымдар Уайт ханымның сәуегейліктерінің бірінде негізделген, ол өз қызметінің бастапқы кезеңінде денсаулықты сақтау мәселелерін шешуге ден қойған. Өзінің миссионерлік саяхаттарында ол диета, салауаттылық және денсаулықты сақтау туралы дәрістерін оқыды. Бұл мәселелер американдық оқырманды қатты қызықтырды: «өзін күту бойынша оқылған дәрістерінің арқасында Уайт ханым 1860 және 1870 жылдары ең көп адамдар шоғырын жинай алды» [16]. Кейінірек, диеталық шектеулерге діни тұрғыда негіз беріле бастады, оның мәні денені Киелі Рух Сақталатын орын және осыған сәйкес адам тәнін зиянды және ластаушы заттардан тазарту қажет деп есептейді.

Ұйымға мүше болу үшін шоқынудың рәсімін орындау қажет, ал балалар болса шоқындырылмайды. Ересек неофиттер алдын ала уағыздар мен насихаттарды тыңдап алып, мүшелікке өту салтынан бұрын жиын алдында «шайтанға қызмет етуді тастап Хан отбасының мүшелігіне өткені, Аспан патшасының баласы болғаны туралы» [17] ант береді. Осындай анты қабылдағаннан кейін суға толығымен батыру

жолымен шоқындырылып, толыққанды шіркеу мүшесі болып саналады. Әр үш ай сайын осылай аталатын кеш тойланады. Осы кездесулерде квассыз нан және алкогольсіз шараппен атап өтіледі. Ал бұл шараны орындаудың алдында аяқтарды жуу салты өтеді. Бұл салтқа сәйкес еркектер еркектердің, ал әйелдер әйелдердің аяғын жуады. Бұдан соң ағалық сүйіс жасалады.

Адвентистер қауымы тұйықтығымен ерекшеленеді. Олар өзара, өз мүшелері арасында ғана неке құруға рұқсат етілген. Сыйыну жиындары сенбі күні таңертең өткізіледі, сондай-ақ сәрсенбі мен жұманың кешкі уақытында да рұқсат етілген. Құдайға сыйыну Библияны, дұғалар, уағыздарды, 1927 жылы баспадан шыққан «Псалма Сион» жинағындағы және «Библия сағатындағы» рухани әндерді (пианино, орган, магнитофонның сүйемелдеуімен) оқу және талқылаудан тұрады. Жылына бір рет, қыркүйек айының соңғы сенбісінде бір жылда келетін жалғыз мейрам Ору Күні атап өтіледі.

«Жетінші Күн Адвентистерінің» басты діни білім беретін ережелері көптеген протестанттық конфессиялардың діни білім беру ережелеріне ұқсас. Осы қозғалыстың тарихшысы Ричард Шварцтың айтуы бойынша, «қарапайым адвентистердің көпшілігі өздерінің белді қызметкерлерінің әулиелікке қатысты ортодоксальды емес-ариандық немесе жартылай ариандық көзқарасты ұзақ ұстанбағанын біле бермейді» [18].

XIX ғасырдың аяғында, адвентистерде және бір ерестік бағыт – «ойлардың пантеистік және жартылай пантеистік ағымы» пайда болды, ол бойынша Құдай әрбір адамда және әрбір затта бар» [19]. Қазіргі уақытта адвентистер протестанттық ағымдардың жалпы ойларын бөліп отыр, алайда, бұлардың басқа ағымдардан ерекшелігі адам еркінің тәуелсіздігін мойындап, абсолюттік болжам туралы ілімді жоққа шығарады.

Адвентистер ілімінің өзегі Қасиетті Жазбаның, оның ішінде Даниил пайғамбар және Иоанн дін маманының әулиелігінің эсхатологиялық тұстарына толықтай талдау жасауға негізделген. Олардың ойынша, күтіліп отырған Иса пайғамбардың оралуы, немесе ақыр заман сұраққа алудың басы және әлемнің аяқталуы болып есептелмейді; Иса пайғамбар жер бетіне екінші рет әулиелердің мыңжылдық патшалығын орнату үшін келеді.

Бұл қайтыс болған тақуаларды шоқындырудан – «алғашқы жексенбіден» басталады, олар тірі тақуалармен бірге аспанға 1000 жыл бойы патшалық етуге барады. Өлі күнаһарлар бұл уақыттың барлығын қабірде шоқындырылмаған күйінде өткізеді. Тірі күнаһарларды қараңғы жерге тастайды. Жер бетінде адам қолынан жасалған барлық нәрсе жойылады. Сосын Иса пайғамбар үшінші рет қайтып оралып, күнасы барларды шоқындырады, шайтанды босатып, олардың барлығын шайқаста отпен жояды. Қалған тақуалар жаңарған әлемдегі қуаныштан рақат алып өмір сүреді. Бұл ілімді адвентистерден толығымен «Иегова Куәгерлерінің» негізін салушы Чарльз Рассел иемденіп алады. Қазіргі уақытта бұл жоғарыда аты аталған екі сектада да бар. Жаннның өлуі, тозақ азабының мәңгілік еместігі туралы ілімдерде осыған ұқсас жағдайды басынан кешіріп отыр.

XX ғасырдың басында «Жетінші Күн Адвентистерінен» «Жетінші Күн Адвентистерінің реформаторлық қозғалысы» атты топ бөлініп шықты. Бұл топтың идеялық жетекшісі пастор Л. Р. Конради (1856-1939 г.г.) болды. Құлдырау себебіне тоқталып өтетін болсақ. Бірінші дүниежүзілік соғыстың басында адвентистердің бір бөлігі соғыс міндеткерлігіне қарсы шықты, осы уақытта секта басшылығы қақтығысқа түсіп отырған елдердің үкіметтерін ымыраға келтіру әрекеттерін жасады. Қарсылық білдіргендер қауымнан шығарып тасталды. Ымыраға келтіруге деген әрекеттердің бастығын түсінген соң, қудаланғандар 1919 жылы бірігіп, ұйым құрады. Ұйымның атауы былай: «1844 жылдан кейін жарияланған қатаң ұстанымдарға адал, жетінші күн адвентистерінің халықаралық миссионерлік қоғамы, 1844 жылдан кейінгі кезең принциптеріне негізделген Неміс одағы». 1920 жылы бұл қозғалысты Эдмонд Доерчлер басқарды, бір жылдан соң Голландияда өз сектасын құрған Ч. Спэнкнобел басшылық етті, ол кейіннен нацистерге қосылып кетті. Ертедегі адвентистерді реформистер жолдан адасқандар деп есептеді, ал өздерін «Әулиелігі бар адамдардың шынайы қалдығы» [19] деп санады. 1925 жылдан бастап үгіт-насихат жұмыстары жүргізіле бастады. Оңтүстік Америка және АҚШ-қа миссионерлер жіберілді, нәтижесінде Американдық Одақ құрылды. 1951 жылы секта екі бөлікке бөлініп кетті. Бұлайша

бөліну процесі сот арқылы жалпы меншік бөлімі арқылы шешілді. Жаңадан пайда болған ұйымдар алдыңғы атаулармен аталып қала берді, алайда әр түрлі Штаб-пәтерлерге ие болды, бірі Батыс Германияда, екіншісі АҚШ-тың Вирджиния штатындағы Ронока қаласында. Бөлінудің себебі діни білім берудегі пікір қайшылығы емес, жәй билікке деген күрес болды.

Реформаторлардың екі тармағына да тоталитарлық секталардың белгілері тән. Ұйым басшылығы шексіз билікке ие болды. Жалған әулие Елена Уайттың еңбектерінде адвентистердің билеуші тобы «...Құдайдың Бас Конференция бейнесіндегі өзінің шіркеуіне берген билік пен ықпалына» ие болады [20]. Реформистердің Бас Конференциясының Президенті күнәсіз болып саналды, оның тілектері міндетті түрде орындалуы қажет болды. Бұл жағдай төмен білімге ие жергілікті секта басшыларына да қатысты болды. Жаңа мүшелер өз салымдары мен құрбандықтарының қайда кететінін білуге құқылы болмағандықтан, бұл түрлі орындарда азғындыққа және құрбандықтардың ұрлануына алып келді. Қатардағы секта мүшелері үшін білім алу да артық деп саналды. Орталық Америкада, мысалы үшін секта басшылары балаларға тіпті бастауыш мектепке баруға тыйым салды, себебі мектепке бару арқылы олардың «рухани» өміріне кедергі келтіруі мүмкін деп санады. Бұл заманның аяғына таяп бара жатқандығымен түсіндірілді. Басқа елдерде реформист адвентистердің отбасынан шыққан оқушыларға мектептегі спорттық және басқа да шараларға қатысуға тыйым салынды. Реформисттік қозғалыс мүшелеріне ұсынылған әдебиеттерден өзге еңбектерді оқуға рұқсат етілмеді.

Басшы тарапынан жарияланатын кез келген ұйғарымдар орындалуға тиіс болатын. Олардың орындалуы толықтай бақылауға алынып отырды. Секта мүшелерінің адамгершілік міндеттері басшылық тарапынан нұсқалып отырды. Қозғалыстан кеткендер шындықтан алыстағандар деп танылып, олармен қарым-қатынас жасауға тыйым салынды. Реформист адвентистерде ұсақ-түйек тыйымдар жүйесі болды. Сенбі күні қырыну және теледидар көру күнә деп саналды. Бұл секта өзін құтқару жолы ретінде вегетарианшылықты уағыздады. Тән тазалығын қатаң сақтауды ұсынды. Егер адам

екінші рет отбасы құрса, аластатылды. Кез келген бұрыс қылық үшін ұйымнан шығарылып тастау қаупі болды.

Аса киелі Үштікті мойындайтын ортодоксальды адвентистерден айырмашылығы реформистер бұл ілімді қабылдамайды. Олар ариандық көзқарасты ұстанып, Иса пайғамбар жаратылған зат, ол жерде өмір сүріп жүріп, әулиелікке ие болмаған деген пікірді ұстанды. Киелі Рух күш болып есептелінді. Оның жеке басы жайлы айтылмайды. Урия Смит секілді ертедегі адвентистер осындай көзқарасты ұстанған болатын.

Ағымдағы конфессияларға бұл сектаның қарым-қатынасы жағымды емес. Олардың ілімі бойынша, «1844 жылы періште басқа барлық шіркеулердің құлауы туралы хабар берді» [21], тек реформистер шіркеуі бұдан аман қалды. Бұл адвентистік ағым көзқарасы бойынша Құдай ұйым қатыгез тиран ретінде танылады, оның қаһарынан кейбір азшылық қана құтыла алады. 144000 ғана құтқарылады, қалғандары өледі. Жалпы бұл секта ортодоксальды адвентистерге қарағанда, «Иегова Куәгерлеріне» неғұрлым жақын.

Қазақстанда адвентистер өз шіркеулерін

басқа діндермен қатар қойып, өздерінің діни ілімін ашық таратуға талпыныс жасап отыр. Батыстық миссионерлердің қазақ жерінде Евангелияны тарату миссиясы осы шіркеуде де жүзеге асырады. Әйтсе де, бұл шіркеудің тарататын ілімі және өзіметі орыс православие және католик шіркеуінің дәстүрлі қызметіне қайшы келетіндіктен Батыс елдерінде де, біздің елде де адвентистер қатты құғынға ұшырамаса да, қоғамда іріткі салатын діни бағыт ретінде бағаланады. Христиан дінінің дәстүрлі бағыттары орнығып қалған мемлекеттерде жүргізілген алвентистік уағыз қоғамның діни санасына кері ісер етеді. Бұл уағыздар православие және католик дінінің негізгі діни ілімдері мен дәстүрлерінің өзгеріске ұшыраған, кейде қатты ауытқыған деп айтылады.

Қазіргі кезде Қазақстанда жетінші күн адвентистері мен қоса Адвентистер-реформаторлар да бар. Бұл ұйымды дін жөніндегі агенттік ресми тіркеуден өткізбей, қызметіне тыйым салған. Әйтсе де, аталған екі ұйым да «салауатты өмір салтын қоғамға енгіземіз» деген ұранды пайдаланып, өздерінің миссионерлік қызметтерін жүзеге асыруда.

Әдебиеттер

- 1 Клебанов А.И. История религиозного сектанства в России. – М.: Наука, 1965.
- 2 White J. Sketches of the Christian Life and Public Labors of William Miller. Battle Creek, 1875. –55-57.
- 3 Nikol F. D. The Midnight Cry. – Washington, 1945. – 458.
- 4 Keld D. R. The Church Under Stress, 1931-1960 // Adventism in America: A History. Grand Rapidz, 1986. – P. 187.
- 5 Митрофан (Зноско-Боровский), протоиерей. Православие, Римо-католичество, Протестантизм и Сектанство. – Коломна, 1992. – С. 112.
- 6 Numberz R. L. Prophetess of Health: A Study of Ellen G. White. – New York, 1976. – P. 8-10.
- 7 Shvarts R. The Perils of Growth, 1886-1905//Adventism in America: A History. Grand Rapidz, 1986. – P. 96-97.
- 8 Bederwolf Y. Seventh-day adventism: the Result of a Predicament. Grand Rapidz, 1950. – С. 9.
- 9 Land G. Shaping the Modern Church, 1906-1930// Adventism in America: A History. Grand Rapidz, 1986. – С. 154.
- 10 Re W. The White Lie. – California, 1982. – P. 50.
- 11 Ostling R. T. The Church of the Liberal Borrowings//Time. – 1982. – 249.
- 12 Hoekema A. Four Major Culte. Grand Rapids, 1963. – С. 122.
- 13 <http://adventist.ru/church-structure/unions-belonging-to-esd/>.
- 14 Nolz J. E. When People Seek Answers//These Times. Б.г. С. 15
- 15 Holl K. Adventurers for Good. – New York, 1959. – 178-193 б.
- 16 Wilson N. Time for Reaping//Adventist Review – 1982. – 2 сен. – С. 3.
- 17 Nurbengern R. Ellen G. White: Prophet of Destiny. – New Kanan, 1972. – С. 37-38.

- 18 Тайные общества и секты/Сост. Н.И.Макарова. – Минск,1996. – С. 462.
- 19 Shvarts R. Указ. соч. – С. 106-107.
- 20 Крамер Г. Реформистское движение адвентистов седьмого дня. Заокский, 1995. – С. 4.
- 21 White E. G. Testimonies for the Church. Okland, Б.г. – Т.9. – С. 260-261.

References

- 1 Klebanov A.I. «Istoriya religioznogo sektanstva v Rossi», – М.: Nauka, 1965. – 132 p.
- 2 White J. Scetches of the Christian Life and Public Labors of William Miller. Battle Creek, 1875. – 167.
- 3 Nikol F. D. The Midnight Cry. – Washington, 1945. – 458.
- 4 Keld D. R. The Church Under Stress, 1931-1960 // Adventism in America: A History. Grand Rapidz, 1986. – P. 187.
- 5 Mitrofan (Znosko-Borovskiy), protoirey. Pravoslavie, Rimo-katolichestvo, Protestantizm i Sektanstvo. Kolomna, 1992. – 112 p.
- 6 Numberz R. L. Prophetess of Health: A Study of Ellen G. White. – New York, 1976. – P. 132.
- 7 Shvarts R. The Perils of Growth, 1886-1905//Adventism in America: A History. Grand Rapidz, 1986. – P. 197.
- 8 Bederwolf Y. Seventh-day adventism: the Result of a Predicament. Grand Rapidz, 1950. – P. 143.
- 9 Land G. Shaping the Modern Church, 1906-1930// Adventism in America: A History. Grand Rapidz, 1986. – P. 154.
- 10 Re W. The White Lie. – California, 1982. – P. 50.
- 11 Ostling R. T. The Church of the Liberal Borrowings//Time. – 1982. – 249.
- 12 Hoekema A. Questions of Doctrine, 1963. – 122 p.
- 13 Nolz J. E. When People Seek Answers//These Times. Б.г. – P. 15
- 14 <http://adventist.ru/church-structure/unions-belonging-to-esd/>.
- 15 Holl K. Adventurers for Good. – New York, 1959. – 193.
- 16 Wilson N. Time for Reaping//Adventist Review – 1982. – 2 сеп. – P. 3.
- 17 Nurbengern R. Ellen G. White: Prophet of Destiny. – New Kanan, 1972. – P. 68.
- 18 Tainye obshestva i sekty/sost. N.I.Makarova. – Minsk, 1996. – 462 p.
- 19 Shvarts R. The Perils of Growth, 1886-1905//Adventism in America: A History. Grand Rapidz, 1986. – P. 197.
- 20 Kramer G. Reformistskoe dvijenye adventistov sedmogo dnya. Zaokskiy, 1995. – 186 p.
- 21 White E. G. Testimonies for the Church. Okland, Б.г. – Т.9. – 280.